

Ректордың
2020 жылғы 27 сәуірдегі
№ 6002-20-7-8/52
бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы сот төрелігі Академиясының судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары бағдарламасының тиімділігін бағалау Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары бағдарламасының тиімділігіне бағалау ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясында (бұдан әрі-Академия) судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау, біліктілігін арттыру курстары бағдарламаларының тиімділігіне бағалау жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Ереже 2000 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 38-2-бабына, 2017 жылғы 23 ақпанда Академия ректоры Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының келісуімен бекітілген Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігі академиясының судьялары мен сот жүйесі қызметкерлері үшін қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу ережелеріне, 2017 жылдың 2 қарашасында Академия ректоры Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының келісуімен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының сот білімі мәселелері бойынша облыстық және оған теңестірілген соттардың оқу орталықтарымен өзара іс-әрекет ету ережесіне сәйкес әзірленді.

3. Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау, біліктілігін арттыру курстары бағдарламаларының тиімділігін бағалау (бұдан әрі – тиімділікті бағалау) оқыту сапасын арттыру, қайта даярлау курстарының бағдарламаларын жетілдіру, судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің (бұдан әрі – тыңдаушылар) біліктілігін арттыру мақсатында жүргізіледі.

4. Тиімділігін бағалау мыналарды анықтауға бағытталған:
судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау, біліктілігін арттыру курстары (бұдан әрі – курстар) бағдарламаларының тыңдаушылардың қажеттіліктеріне/мақсаттарына сәйкестігі;

курстардың мазмұнына, сапасына және ұйымдастырылуына қанағаттанушылық дәрежесі;

оқыту материалдарының практикалық маңыздылығы;

оқыту материалдарының өзектілігі мен жаңалығы;
практикада білімнің қолданылуы.

5. Тиімділікті бағалау мынадай мерзімдерде жүзеге асырылады:
оқудың соңғы күні (бұдан әрі – мониторинг);
оқудан кейін 3 айдан ерте емес және 6 айдан кешіктірмей (бұдан әрі –
постмониторинг).

2. Тиімділікке бағалау жүргізу тәртібі

6. Мониторинг осы Ереженің № 1 қосымшасында айқындалған критерийлер мен көрсеткіштер негізінде тыңдаушыларға сауалнама жүргізу әдісімен жүзеге асырылады.

7. Мониторинг мыналарды анықтауға бағытталған:
курс бағдарламаларының тыңдаушылардың қажеттіліктеріне/мақсаттарына сәйкестігі;

тыңдаушының алған білімін өзіндік бағалауы;
алынған білімнің, игерілген дағдылардың жаңалығы, пайдалылығы;
оқыту материалдарының практикалық маңыздылығы;
алған білімдерін, дағдыларын практикада пайдалануға дайын болу.
курстардың мазмұнына, сапасына және ұйымдастырылуына қанағаттанушылық дәрежесі.

8. Постмониторинг судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасымен келісілген және Академия ректоры бекіткен күнтізбелік жылға қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жоспар-кестесін ескере отырып жүргізіледі.

9. Постмониторинг осы Ереженің № 2 қосымшасында айқындалған критерийлер мен көрсеткіштер негізінде электрондық поштаны пайдалану арқылы курстарда оқудан өткен тыңдаушыларға қайтадан сауалнама жүргізу әдісімен жүзеге асырылады.

10. Постмониторинг төмендегілерді анықтауға бағытталған:
практикада алынған білімнің, дағдылардың қолданылу дәрежесі;
бағдарламаның практикалық блогының пайдалылығы мен нәтижелілігі;
оқыту сапасына қанағаттану дәрежесі;
курстың тыңдаушылардың қажеттіліктеріне сәйкестігі.

11. Постмониторинг оқудан өткен судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің жалпы санының кем дегенде 50% - ын іріктеп сауалнама жүргізу арқылы оқытудың тақырыптары/бағыттары бөлінісінде жүргізіледі.

3. Сауалнама нәтижелерін өңдеу/қайта сауалнама жүргізу және тиімділікті бағалау нәтижелерін қорытындылау тәртібі

12. Мониторинг/постмониторинг ұйымдастыруды және өткізуді, оның нәтижелерін өңдеуді және талдауды Академияның қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімнің қызметкерлері жүзеге асырады.

13. Академияның қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімнің қызметкерлері:

1) сауалнама бланкілерін дайындауды жүзеге асырады;

2) сауалнама жүргізеді;

3) соттардың өңірлік оқу орталықтарына ілеспе хаттарды, сауалнамаларды жібереді;

4) мониторинг/постмониторинг нәтижелерін өңдеуді жүзеге асырады.

14. Постмониторинг нәтижелерін өңдеу және талдау оларды алғаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

15. Мониторинг/постмониторинг нәтижелерін өңдеу және талдау деректерінің негізінде тақырыптар, курстар бөлінісінде тиімділікті бағалау туралы талдамалық есеп (бұдан әрі – талдамалық есеп) жасалады.

16. Курстар аяқтағаннан кейінгі талдамалық есеп Академияның оқу-әдістемелік кеңесінің (бұдан әрі – ОӘК) кезекті отырысында талқыланып, оны Академияның Ғылыми Кеңесінің отырысына ұсынады. ОӘК отырысына оқытушылар және қажет болған жағдайда тыңдаушылар шақырылуы мүмкін.

4. Оқыту бағдарламаларын жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу тәртібі

17. Академияның қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқу үрдісін ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімнің қызметкерлері бағалау нәтижелері бойынша төмен баға алған оқу бағдарламаларына егжей – тегжейлі факторлық талдау (бұдан әрі-факторлық талдау) жүргізеді:

тікелей факторлардың әсері:

бағдарламаның мазмұны;

оқыту әдістемесі;

оқытушылардың педагогикалық шеберлігі;

жанама факторлардың әсері:

оқыту инфрақұрылымы;

тыңдаушылардың көңіл-күйі.

18. Деректер қоры ретінде қолданылады: курс бағдарламасы, курстардың оқу жоспары, сабақты өткізген оқытушының академиялық түйіндемесі (CV), контингенттің сипаттамасы (жас құрамы, жұмыс тәжірибесі), тиімділікті бағалау нәтижелері және т.б.

19. Теріс баға алған курс бағдарламасының тақырыптары бойынша факторлық талдау нәтижелері ОӘК-нің кезекті отырысында талқыланады, кейіннен оларды Академияның Ғылыми Кеңесінің отырысына ұсынады. ОӘК отырысына бағдарламаның көрсетілген тақырыптары бойынша оқу өткізген оқытушылар шақырылуы мүмкін.

20. Факторлық талдау нәтижелері туралы мәселені қарау бойынша Ғылыми кеңес мынадай шешімдердің бірін қабылдауы мүмкін:

оқу жоспарына Ғылыми кеңестің ұсынымдарын ескере отырып, оны ОӘК -ның кезекті отырысында, одан кейін Академияның Ғылыми кеңесінің отырысында қарау арқылы өзгерістер енгізу;

сабақ тақырыбы және оны оқыту ұзақтығы бойынша курстар бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

21. Факторлық талдау нәтижелері бойынша теріс баға алған курс бағдарламасының тақырыбы кейіннен курстардың Оқу жоспарының жобасына енгізіле алмайды.

5. Тиімділікті бағалау үрдісін ресурстық және қаржылық қамтамасыз ету

22. Тиімділікті бағалау үрдісін ресурстық және қаржылық қамтамасыз ету Академияның даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Қорытынды ережелер

23. Тиімділікті бағалау үрдісін жалпы басқару және үйлестіру Академияның қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқу үрдісін ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімнің басшысына жүктеледі.

24. Тиімділікті бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі барлық құжаттар Академияның қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқу үрдісін ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімде бір жыл бойы сақталады, кейін Академияның мұрағатына беріледі.

№ 1 қосымша
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының ректорымен бекітілген
"___" _____ 2020 жыл
Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары бағдарламаларының тиімділігіне бағалау жүргізу ережесіне қосымша

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы
Сот төрелігі академиясы**

**Судьялар/ сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау, біліктілігін арттыру
курстарының тыңдаушыларына арналған
САУАЛНАМА**

Құрметті тыңдаушы!

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы курс бағдарламаларының тиімділігін арттыру мақсатында судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау, біліктілігін арттыру курстарының тыңдаушыларына сауалнама жүргізеді.

Сауалнаманы толтырып, ұсынылған сұрақтарға жауап беруді сұраймыз. Сауалнама жасырын, барлық деректер жалпылама түрде пайдаланылады. Сіздің ұсыныстарыңыз келесі біліктілікті арттыру курсы өткізу кезінде ескерілетін болады.

Бінтымақтастық үшін алғыс айтамыз!

1. Курстардың сіздің қажеттіліктеріңізге, мақсаттарыңызға сәйкестік дәрежесін көрсетіңіз (белгі қойыңыз)

- Сәйкес келеді
- Сәйкес келеді, бірақ жеткіліксіз
- Сәйкес келмейді

2. Курстарда қаралған білім салаларындағы өз құзыреттіліктеріңізді арттыру деңгейін көрсетіңіз (белгі қойыңыз)

- Мен өз деңгейімді айтарлықтай арттырдым
- Өз деңгейімді аздап көтердім
- Өз деңгейімді көтермедім

2. Сіздің ойыңызша, сіз үшін қандай сабақтар пайдалы болды (тақырып, оқытушы)? _____

Үш үздік оқытушыларды атаңыз _____

3. Оқытылғандардың ішінен нені сіз өзіңіздің кәсіби қызметіңізде пайдалана аласыз _____

4. Алынған білімнің, дағдылардың практикалық құндылығы қандай? Сіздің ойыңызша, курстардан өтуге дейін болған қандай кәсіби мәселелерді шешуге оқу ықпал етті? _____

5. Сіздің ойыңызша, қандай пәндер немесе тақырыптар қызықты және маңызды емес? Сіздің ойыңызша, қандай пәндер мен тақырыптарға көбірек көңіл бөлу керек? _____

6. Курс сапасы туралы сіздің пікіріңіз (кестені толтырыңыз)

Бағалау критерийлері	қанағаттанды рады	қанағаттандыр майды
1. Курстардың мазмұны:		
материалдың өзектілігі, жаңалығы;		
материалды беру түрі, баяндаудың ыңғалығы;		
пайдалылығы, практикалық маңыздылығы.		
2. Оқыту сапасы:		
өткізу түрі;		
дәрістер мен практикалық сабақтардың сапасы;		
практикалық сабақтар саны;		
практикалық сабақтардың сапасы;		
оқыту деңгейі мен сапасы.		
3. Курстарды ұйымдастыру (курстарды жоспарлау, курстарды ұйымдастырушылардың жұмысы):		
курстарды тақырыптық жоспарлау, курс бағдарламасының өзектілігі;		
курс ұйымдастырушыларының жұмысы;		
оқу үрдісін техникалық қамтамасыз ету (аудиториялар, компьютерлік жабдықтау);		
оқу және әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуі;		
психологиялық микроклиматтың жайлылығы		

7. Жалпы курстармен қанағаттанушылық дәрежесі (қажетті баллды белгілеңіз)

5 4 3 2 0

8. Жалпы оқу туралы сіздің пікіріңіз (не сізге ұнады, нені сіз өзгертуге немесе толықтыруға кеңес берер едіңіз)? _____

9. Егер сізде курстың мазмұны мен ұйымдастырылуы туралы ерекше пікір болса, оны баяндауды сұраймыз _____

10. Сіздің жасыңыз (белгі қойыңыз)

- 35 жасқа дейін
- 36-45 жас
- 46 - 55 жыл
- 55 жастан асқан

11. Жыныс (белгі қойыңыз)

- ер
- әйел

12. Сіздің лауазымыңыз(белгі қойыңыз)

- судья
- сот отырысының хатшысы
- сот кеңсесінің меңгерушісі
- сот приставы

"___" _____ 20__ж.

Жауаптарыңыз бен ұсыныстарыңыз үшін алғыс білдіреміз!

№ 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының ректорымен бекітілген
"___" _____ 2020 жыл
Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары бағдарламаларының тиімділігіне бағалау жүргізу ережесіне қосымша

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы

САУАЛНАМА

Құрметті әріптес!

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы қайта даярлау, біліктілікті арттыру курстарынан өткен судьялар мен сот жүйесінің қызметкерлеріне жүзеге асырылып отырған курстардың бағдарламаларының тиімділігін арттыру мақсатында сауалнама жүргізеді.

Сауалнаманы толтырып, ұсынылған сұрақтарға жауап беруді сұраймыз. Сауалнама жасырын, барлық деректер жалпылама түрде пайдаланылады.

Сіздің ұсыныстарыңыз келесі біліктілікті арттыру курсы өткізу кезінде ескерілетін болады.

Ынтымақтастық үшін алғыс айтамыз!

Курстарды өткізу мерзімі _____ бастап _____ 20__ ж. дейін.

1. Біліктілігін арттырғаннан / қайта даярлаудан кейін өз кәсіби деңгейін арттыру дәрежесін көрсетіңіз (белгі қойыңыз)

- Мен өз деңгейімді айтарлықтай арттырдым
- Өз деңгейімді аздап көтердім
- Өз деңгейімді көтермедім

2. Сіздің ойыңызша, сіз үшін қандай практикалық сабақтар пайдалы болды (тақырып, оқытушы)? _____

3. Курста алынған ақпараттар сіздің кәсіби қызметіңізде қолданылды ма?

Егер иә болса, онда курс аяқталғаннан кейін қанша уақытта? _____

Егер жоқ болса, онда қандай себептер бойынша _____

4. Курс барысында сіз қандай құжаттар дайындадыңыз және кәсіби қызметте оқыту барысында алған қандай дағдыларыңызды қолданыңыз _____

5. Оқыту курсты өткенге дейін болған қандай да бір кәсіби мәселелерді шешуге ықпал етті ме? _____

Егер иә болса, онда қандай көрсетіңіз _____

6. Курс бағдарламасын қандай тақырыптармен, пәндермен толықтырар едіңіз?

7. Курс сапасы туралы сіздің пікіріңіз (кестені толтырыңыз)

Бағалау критерийлері	қанағаттандырады	қанағаттандырмайды
1. Алған білімдердің, дағдылардың пайдалылығы		
2. Оқытудың практикалық маңыздылығы		
3. Практикалық сабақтардың мазмұны мен нәтижелілігі		
4. Оқытушылар құрамының жұмыс деңгейі		
5. Курстарды ұйымдастыру деңгейі		

8. Курс бағдарламасының қандай өзгерістері / толықтырулары (көлемі, мазмұны және т. б. бойынша), Сіздің ойыңызша, пайдалы болар еді? _____

9. Жалпы курстармен қанағаттанушылық дәрежесі (қажетті баллды бөліңіз)

5 4 3 2 0

10. Егер сізде курстың мазмұны мен ұйымдастырылуы туралы ерекше пікір болса, оны баяндауды сұраймыз _____

Жауаптарыңыз бен ұсыныстарыңыз үшін алғыс білдіреміз!